

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қаулысы 2000 жылғы 3 шілде N 16/2

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының міндетін атқарушы В.Д. Шопин, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов және Қ.Ә. Омарханов қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мемлекеттік-құқықтық бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары Т.С. Донаковтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, баяндамашылар - Конституциялық Кеңес мүшелері А.К. Котовтың және Ж.Д. Бұсырмановтың баяндамаларын және отырысқа қатысушылардың сөздерін тындап, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Республика Конституциясына сәйкестігі туралы өтініші келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Парламенті 2000 жылғы 27 маусымдағы Палаталардың бірлескен отырысында қабылдаған және 2000 жылғы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынған "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы мәселені қарағанда, Конституциялық Кеңес мынаны негізге алады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Конституцияның 49-бабына сәйкес Республиканың заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады.

Конституцияның 62-бабы 1-тармағының негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясы К951000_ 44-бабының 2) тармақшасын, 45-бабының 2-тармағын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын ресми түсіндіру туралы" S000015_ 2000 жылғы 3 шілдедегі N 15/2

қаулысына сәйкес ол заң актілерін заң түрінде де, оның ішінде елдің бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын да қабылдауға құқылы.

Қазақстан Республикасының Парламенті 2000 жылғы 27 маусымда "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын осы деңгейдегі заң актілерін қабылдау үшін көзделген конституциялық тәртіппен және регламенттік рәсімдерге сәйкес қабылдаған. Осы Конституциялық заңды реттеу мәні Конституцияның 61-бабы 3-тармағымен аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар шығаруға Қазақстан Республикасының Парламентіне берілген төтенше құзырет ауқымына жауап береді. Атап айтқанда ол Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне қатысты негізге алынатын принциптер мен нормаларды белгілейді.

Конституцияның 92-бабына сәйкес, онда конституциялық деп аталған заңдар осы Конституция күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс. Осы ережені оның белгілеген қандай конституциялық заңдарының алдымен қабылдануға тиіс екенін белгінеді деп түсіну керек, бірақ бұл Конституция мәтінінде конституциялық деп аталған заңдар түбегейлі анықталды дегенді білдірмейді.

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заңды қабылдауға Қазақстан Республикасы Конституциясы 46-бабының, 44-бабы 20) тармақшасының, 71-бабының нормалары, сондай-ақ Кіріспе мен 1-бабы 2-тармағының ережелері конституциялық-құқықтық негіз болып табылады.

Конституцияның 46-бабы Республика экс-Президенттеріне Республика Президентінің абыройы мен ар-намысына ешкімнің тиісуіне болмайтындығы және Республика Президенті мен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылатыны туралы ережені қолданады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өз өкілеттіктерін атқаруды тоқтатқаннан кейін Республиканың экс-Президенті болады, кезекті сайлауларда сайланған Қазақстан Республикасының Президентіне конституциялық өкілеттіктерін береді. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заң экс-Президенттер үшін Конституция белгілеген қол сұғылмаушылық пен қамтамасыз ету туралы кепілдіктерді жаңа тәуелсіз мемлекет құрылысына Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің ерекше рөлі мен үлесіне қатысты нақтылы көрсетеді.

Конституцияның 71-бабы Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі болып табылады және мұндай құқық өз өкілеттіктерін атқаруды тоқтатқан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне берілуге тиіс.

Конституцияның 44-бабы 20) тармақшасына сәйкес жұмыс істеп жүрген Қазақстан

Республикасы Президентінің Қауіпсіздік Кеңесі мен басқа да консультативтік-кеңесші органдарды құруы "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заңның 1-бабы 2) тармақшасының нормаларына қайшы келмейді. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына енуі, сондай-ақ жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, қазақстандық патриотизмнің идеологы және ұлтаралық келісімнің кепілі ретінде Қазақстан халықтары Ассамблеясына төрағалық етуі сол кезеңдегі ел Президентінің жоғарыда аталған конституциялық өкілеттіктерді жүзеге асыруына кедергі болмайды.

Жұмыс істеп жүрген ел Президентінен бір ерекшелігі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті жолдаулар, жарлықтар және өкімдер шығармай, "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заңның 1-бабы 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Қазақстан халқының көшбасшысы ретінде халыққа, Республика Парламентіне және Үкіметіне ел үшін маңызды мәселелер талқыланған кезде қажетті бастамалар көтере алады, бұл да жұмыс істеп жүрген Президент құқықтары кешенін көздейтін Конституцияның К951000_44-бабының нормаларына қайшы келмейді.

Сонымен "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заңды Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілік мәніне орай талдау Парламенттің осы Конституциялық заңды екінші оқылымда 2000 жылғы 27 маусымда Палаталардың бірлескен отырысында әрбір Палата депутаттары жалпы санының "жақтаймын" деген 2/3 дауысы көпшілігімен Конституция белгілеген тәртіппен қабылдағанын көрсетті. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Конституциялық заңның нормалары мен ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді.

Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің, сондай-ақ дамыған демократия елдерінің тәжірибесі осы заманғы конституционализмнің мемлекет басшысы қызметін атқарған және өз міндеттерін атқаруды тоқтатқан адамдарды саяси және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету үрдісін растайды.

Баяндалғанның және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына

сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы қазақ және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөз басылымдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесі
Төрағасының міндетін атқарушы

Мамандар:
Икебаева А.Ж.
Омарбекова А.Т.